

## Атырау облысындағы елді мекендердің көшелерін күтіп ұстай, ағымдағы, орташа және күрделі жөндеу кезінде орындалатын жұмыстар түрлерінің сыныптамасын бекіту туралы

Атырау облысы әкімдігінің 2016 жылғы 29 қарашадағы № 276 қаулысы. Атырау облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 30 желтоқсанда № 3737 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы Заңының 27, 37-баптарына және "Автомобиль жолдары туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 17 шілдедегі Заңының 13-бабы 1-1-тармағының 6-8) тармақшасына сәйкес Атырау облысы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Атырау облысындағы елді мекендердің көшелерін күтіп ұстай, ағымдағы, орташа және күрделі жөндеу кезінде орындалатын жұмыстар түрлерінің сыныптамасы осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.
2. "Атырау облысы Жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы" мемлекеттік мекемесі осы қаулыдан туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.
3. Осы қаулының орындалуын бақылау Атырау облысы әкімінің орынбасары Т.Ә. Шәкімовке жүктелсін.
4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғашкы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

H. Ногаев

Атырау облысы әкімдігінің 2016 жылғы "29" қарашадағы № 276 қаулысына қосымша  
Атырау облысы әкімдігінің 2016 жылғы "29" қарашадағы № 276 қаулысымен бекітілген

## Атырау облысындағы елді мекендердің көшелерін күтіп ұстай, ағымдағы, орташа және күрделі жөндеу кезінде орындалатын жұмыстар түрлерінің сыныптамасы

### 1. Жалпы ережелер

1. Осы Атырау облысындағы елді мекендердің көшелерін күтіп ұстай, ағымдағы, орташа және күрделі жөндеулер кезінде орындалатын жұмыстар түрлерінің сыныптамасы (бұдан әрі – сыныптама) Атырау облысындағы елді мекендердің

көшелерін (бұдан әрі – көше жолдары) және ондағы құрылыштарды күтіп ұстай, ағымдағы, орташа және күрделі жөндеулер кезінде орындалатын жұмыс түрлерін белгілейді.

2. Сыныптама жол-жөндеу жұмыстарының көлемдерін негіздеу және оларды орындау үшін республикалық және жергілікті бюджеттерден бөлінетін қаржы қаражаттарын есептеу үшін қолданылады.

3. Осы Сыныптамада мынадай анықтамалар қолданылады:

1) елді мекенниң көше жолдарын басқарушылар – көше жолдарының меншік иелері болып табылатын немесе шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығындағы көше жолдарын басқару қызметін жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалар;

2) көше жолдары мен ондағы құрылыштарды пайдалануды басқару - бұл үнемді негізделген жол-жөндеу жұмыстарының стратегиясын әзірлеу арқылы оларға диагностикалау және мониторинг жүргізудің негізінде көше жолдары мен жол құрылыштарының талап етілетін техникалық деңгейін және көліктік-пайдалану жай-күйін қамтамасыз ету бойынша ұйымдастыратын және регламенттейтін жұмыстар кешені;

3) көше жолдарының жай-күйіне мониторинг жүргізу – бұл пайдалану және қоршаған ортаның ықпал етуі нәтижесінде олардың жай-күйіне мүмкін болатын антропогендік өзгерістерді қадағалау мен бақылау, бағалау мен болжамдау жүйесі;

4) көше жолдарын маршрутты жөндеу тәсілі - бұл көлік қозғалысы үшін қауіпті ақаулықтарды жою және жергілікті участкердегі жол жабынының тегістігін қалпына келтіру жұмыстарын қоса алғанда, маршрут бойынша орындалатын жөндеу жұмыстарының кешені;

5) көше жолдарының жамылғысы - бұл автокөлік құралдарынан түсетін салмақты қабылдайтын және оны топыраққа беретін көше жолдарына бөлінген белдеулерінің шегіндегі көп қабатты құрылғы;

6) көше жолдарының жамылғысы қызметінің жөндеу аралық мерзімі - бұл құрылыш, қайта жаңарту немесе күрделі жөндеуден кейін көше жолын пайдалануға тапсырған күннен басталып көше жол құрылышының көтеру қабілеттілігін (кушайту) арттырумен байланысты кезекті күрделі жөндеуге дейінгі кезең;

7) көше жолдарының жол жабыны қызметінің жөндеу аралық мерзімі - бұл құрылыш, қайта жаңарту, күрделі немесе орташа жөндеуден кейін көше жолын пайдалануға тапсырғаннан бастап тозу қабатын қалпына келтіру және тегістілік пен көлік қозғалысының қарқындылығы бойынша талап етілетін мәндеріне дейін біріктірушілік сапаларын орнына келтірумен және ақауларды жоюмен байланысты кезекті орташа жөндеу орындауға қажеттілік туындағанға дейінгі уақыт кезеңі;

8) көше жолдарын жөндеу жұмыстарының стратегиясы – бұл бөлінетін ресурстарды тиімді пайдалану кезінде көше жолдары мен жол құрылыштары желісінің көліктік-пайдалану жай-күйін сақтау және жақсарту бойынша аса тиімді ұзақ уақытты

техникалық шешімдер және басқаратын ықпал етулер кешені;

9) көше жолдарын қысқы күтіп ұстай – көше жолдарын және ондағы құрылыштарды қар басып қалудан қорғауға, оны уақтылы тазартуға және жол жамылғысының қысқы тайғақтығымен құресуге байланысты айрықша жұмыстар кешені.

4. Көше жолдарының құрамына мыналар кіреді: бөлінген белдеулер, көше жолдарының құрылымдық элементтері, көше жолдарын жайластыру және абаттандыру, су жібергіш және су өткізгіш құрылыштар, көпірлер, жол өткізгіштері, көлік айрықтары, су доғалары, ұнгі жолдар, қорғау галереялары, жол қозғалысының қауіпсіздігін арттыруға арналған құрылыштар мен құрылғылар, орман белдеулері гүлзарлар, гүл бақтары, гүл бақшалары, қолдан отырғызылған ағаштар, желілі тұрғын үй ғимараттары мен жол-пайдалану қызметтерінің кешендері, автокөлік құралдарының қозғалысын бақылау және мониторингі үшін жабдықтар мен бағдарламалық қамтамасыз ету және белгіленген габариттің шегінде олардың төбесіндегі ауа кеңістігі.

5. Көше жолдары мен ондағы құрылыштарды пайдалану жұмыстарын жүргізуге нақты бөлінген қаржы ресурстары көше жолдары мен ондағы құрылыштардың көліктік-пайдалану жай-күйін тексеру және диагностикалау материалдары негізінде белгіленген өткізілетін жөндеу жұмыстарының тұрлеріне және жол-жөндеу жұмыстарының әзірленген стратегиясына қарай бөлінеді.

6. Көше жолдарын күтіп ұстай, ағымдағы, орташа және күрделі жөндеулер кезінде орындалатын сыныпталатын жұмыс тұрлері жол саласында қолданылатын нормативтік-техникалық құжаттарының талаптарына сәйкес орындалады.

7. Көше жолдары мен ондағы құрылыштарды пайдалануды басқару келесі жұмыстардан тұрады:

1) жол-жөндеу жұмыстарының стратегиясын негіздеу және қажетті қаржы ресурстарын жоспарлау;

2) көше жолдары мен ондағы құрылыштарды сактауды қамтамасыз ету және оларды уақытынан бұрын тозудан сактау;

3) алдыңғы қатарлы тәжірибе және ғылым мен техникаға қол жеткізу негізінде көше жолдары мен ондағы құрылыштарды жөндеу мен күтіп ұстaudы қоса алғанда, жобалау, салу, қайта жаңарту, пайдалану бойынша нормативтік-техникалық базаны жетілдіру және өзектендіру;

4) технологияны жетілдіру және көше жолдары мен ондағы құрылыштарды жөндеу мен күтіп ұстай жұмыстарын ұйымдастыру;

5) көше жолдары мен ондағы құрылыштарды пайдалануды басқару жұмыстарын орындауды ұйымдастыру, үйлестіру, реттеу және бақылау;

6) технологиялық ілеспе және жөнделген участеклердің мониторингін ұйымдастырумен, көше жолдарын ағымдағы, орташа және күрделі жөндеу бойынша жұмыстардың шегінде көше жолдарының тәжірибелі участеклеріне ғылыми, техникалық сұйемелдеу және мониторинг жүргізу.

8. Көше жолдары мен ондағы құрылыштарды диагностикалау және мониторинг жұмыстарын жүргізу құрамына мыналар кіреді:

- 1) көше жолдары мен ондағы құрылыштарды күтіп ұстау сапасын бағалау арқылы жүйелі түрде (көктемгі, күзгі және айлық) тексеру;
- 2) көше жолдары мен ондағы құрылыштардың техникалық деңгейін және көліктік-пайдалану жай-күйін бағалау арқылы көзбен шолу және аспаптық тексеру, көше жолдары мен ондағы құрылыштарды паспорттандыру;
- 3) көше жолдарындағы көлік қозғалысының қарқындылығы мен құрамын есепке алу;
- 4) көше жолдары мен ондағы құрылыштардың техникалық деңгейі және көліктік-пайдалану жай-күйі туралы тиісті бағдарламалық қамту арқылы мәліметтер базасын қалыптастыру, үнемі жаңарту және жұмыс күйінде ұстау;
- 5) ғылыми-техникалық сараптама және объектілерді инспекциялау, соның ішінде жедел шешімдер қабылдауды талап ететін төтенше жағдайларда және өзге жағдайларда материалдар мен жұмыстардың сапасын бағалау.

9. Жолдарды жөндеу жұмыстарының стратегиясын негіздеу және қаржы ресурстарын жоспарлау жұмыстарының құрамына мыналар кіреді:

- 1) көше жолдары және ондағы құрылыштардың көліктік-пайдалану жай-күйі туралы деректердің бірыңғай ақпараттың базасын құру, әкімшілік ету және басқару;
- 2) көше жолдары және ондағы құрылыштардың көліктік-пайдалану жай-күйі туралы ақпараттық деректер қорын талдау негізінде күтіп ұстау және жөндеу бойынша жұмыстарды негіздеу;
- 3) көше жолдары желісінің жай-күйін болжамдаумен жол-жөндеу жұмыстарының стратегиясын өндөу. Жол-жөндеу жұмыстарының ағымдағы және перспективалық жоспарларын, соның ішінде көше жолдары желісін күтіп ұстау жоспарларын құру;
- 4) көше жолдары желісін талап етілетін пайдалану жай-күйінде сақтау және күтіп ұстау үшін қажетті қаржы ресурстарын жоспарлау;
- 5) жол қозғалысының қауіпсіздігін арттыру және жол-көлік оқиғалары (бұдан әрі - ЖКО) шоғырланатын жерлерді жою бойынша бағдарламалар әзірлеу.

10. Көше жолдарындағы көлік қозғалысының қауіпсіздігі мен жайлыштырының үйымдастыру және қамтамасыз ету жұмыстарының құрамына мыналар кіреді:

- 1) автокөлік ағындары қозғалысының тәртібін зерттеу, көше жолдарын белгілеу сыйбасын әзірлеу, жол белгілерін дислокациялау, қозғалыс жылдамдығын реттеу, қозғалысты басқарудың автоматтандырылған жүйесін үйимдастыру;
- 2) ЖКО талдау, ЖКО болған орындарды тексеру, себептерін анықтау және жол қозғалысы қауіпсіздігінің шарттарын жақсарту бойынша ұсыныстарды дайындау;
- 3) қозғалыс қауіпсіздігі тұрғысынан аса қауіпті көше жолдарының участеклерін анықтау және авариялардың алдын алуға арналған профилактикалық іс-шараларды әзірлеу;

- 4) бөлінген белдеулер шегінде құрылыштарын жүргізуді келісу;
- 5) коммуникациялар мен инженерлік желілері бар көше жолдары және ондағы құрылыштардың қиылысуына, жанасуына техникалық шарттар мен келіслерді өзірлеу;
- 6) өртке қарсы іс-шараларды қадағалау және жетілдіру жөніндегі өртке қарсы қызмет ұйымдарымен шарттар жасасу, өртке қарсы сигнализацияға, электрмен жарықтандыруға және тағы басқа жоспарлы тексеру және сараптама жүргізу мен олардың орындалуын бақылау;
- 7) көше жолдары бойындағы коммерциялық сервистік объектілерді орналастыруды келісу.

11. Көше жолдары мен ондағы құрылыштарды сактауды қамтамасыз ету және оларды уақытынан бұрын тозудан сақтап қалу жұмыстарының құрамына мыналар кіреді:

- 1) көше жолдарын пайдалану және оларды қорғау тәртібін бұқаралық ақпарат құралдарында насхаттау;
- 2) ірі габаритті және ауыр салмақты көлік құралдарының жол журуін келісу;
- 3) көше жолдары мен ондағы құрылыштарды жөндеу және күтіп ұстау саласындағы жұмыстық бағдарламалық өнімдерді жетілдіру және оларды жұмыс күйінде ұстау;
- 4) көше жолдары мен ондағы құрылыштардың ұзаққа жарамдыштығын және үнемділігін арттыру мақсатында оларды жөндеу мен күтіп ұстау саласындағы өзекті проблемалар бойынша іздестіру және инновациялық жұмыстар.

12. Көше жолдары мен ондағы құрылыштардың пайдаланылуын басқаруды ұйымдастыру, үйлестіру, реттеу және бақылау жұмыстарының құрамына мыналар кіреді:

- 1) көше жолдары мен ондағы құрылыштар желісін күтіп ұстау бойынша жол-жөндеу жұмыстарының орындалуын үйлестіру және реттеу;
- 2) көше мен ондағы құрылыштарды кезеңді есепке алу, есептілікті жасау;
- 3) көше жолдарын күтіп ұстау мен ағымдағы жөндеу кезінде сапаны бақылауды ұйымдастыру, бақылау жүйесін жетілдіру және жол-жөндеу жұмыстарының сапасын қамтамасыз ету, сапаны бақылауды аспаптық қамтамасыз ету.

## **2. Көше жолдарын және ондағы құрылыштарды күтіп ұстау**

13. Көше жолдары мен ондағы құрылыштарды күтіп ұстау жұмыстары жыл бойы үздіксіз жүзеге асырылады.

Көше жолдары мен ондағы құрылыштарды күтіп ұстау жұмыстарын уақтылы жүргізу мақсатында оларды көзben көріп тексеру патрульдеу арқылы күн сайын жүзеге асырылады.

Каржыландырудың бекітілген нормативіне сәйкес, күтіп ұстауға арналған қаражаттардың шегінде, ақаулықтар тізбесі бойынша тексерілген нәтижелерінің

негізінде жоспарланатын, көше жолдары және ондағы құрылыштардың бүлінулерінің алдын алу және түзету бойынша жұмыстарды орындау көзделеді.

14. Көше жолдарын күтіп ұстау жұмыстарын жүргізу нәтижесінде жыл бойы көлік құралдарының үздіксіз, қауіпсіз және жайлы қозғалысы қамтамасыз етілуі қажет.

15. Күтіп ұстау жұмыстары жобалық құжаттаманы жасауды талап етпейді. Оларды қолданыстағы нормативтерге сәйкес, күтіп ұстауға бөлінген қарожат шегінде ақаулықтар тізбесі бойынша көше жолдарын тексеру нәтижесінің негізінде жоспарлайды.

16. Көше жолдары мен ондағы құрылыштарды қүтіп ұстау жұмыстары көктемгі, жазғы және күзгі кезеңде күтіп ұстау, қысқы күтіп ұстау, көшелерді көгалдандыру және өзге жұмыстарға бөлінеді.

17. Көше жолдарын күтіп ұстау жұмыстарының құрамына меншік иелерінен ақпаратты жинау, өндөу және күн сайын жыл бойы ұсыну кіреді, соның ішінде:

- 1) бұқаралық ақпарат құралдарын көше жолдарындағы жол жүрулер туралы ақпараттық қамтамасыз етуді қоса алғанда, көше жолдарындағы жол жүрулер туралы;
- 2) болған ЖКО туралы;
- 3) еріген және тасқын суларды жіберу кезіндегі жұмыстар туралы;
- 4) қысқы уақытта қар тазалайтын машиналар мен механизмдердің жұмысы туралы;
- 5) ақпараттарды жинау және өндөу, көше жолдары мен ондағы құрылыштардың көлік-пайдалану жай-күйі туралы деректердің бірыңғай ақпараттық деректер қорына әкімшілік ету және басқару.

18. Көше жолдары мен ондағы құрылыштарды көктемгі, жазғы, күзгі және қысқы кезеңдерде күтіп ұстау кезінде, яғни жыл сайын мынадай жұмыстарды орындаиды:

- 1) көше жолдары мен ондағы құрылыштардың жай-күйін патрульдік қадағалау;
- 2) жер жамылғысы мен су өткізу жүйесі бойынша:
  - су өткізгіш жыраларды көктемде қардан, ал жазда қоқыстарды пайдаға асыруға тиесу, шығару және беру арқылы жиналған қоқыс пен балшықтан тазалау;
  - жиектердегі, иірімді участекелердегі кептіргіш науаларды қазу және себу;
  - жиектерді жоспарлау, шөптермен себу;
  - шабу және шабылған шөптерді жинау;
  - шабылған материалдарды пайдаға асыруға тиесу, шығару және беру арқылы жер жамылғысының жиектері мен шеттеріндегі бұталарды шабу және ағаштарды, жабайы өсетін бұталарды жүзу;
  - материалдар қоспастан жиектер мен себу бермдерін жоспарлау;
  - бөлек участекелердегі көлік құралдарының қауіпсіз қозғалысын қамтамасыз ететін себу арқылы жиектерді және бермдерді себу, кесу және жоспарлау;
  - иірімді участекелерді жою;
  - опырылған, мұжілген жерлерді және сен шығарындыларын тазалау;
  - жиектерді себу және бекіту;

бөлек элементтерін ауыстыру және жаңа материалдарды пайдалану арқылы жер төсемі, су бұрғыш, резервтер, қорғаныс, бекіту және реттегіш құрылыштарының жеке бұзылуарын түзету;

көлік құралдарының қауіпсіз қозғалысын қамтамасыз ететін материалдарды қосу немесе қоспау арқылы жиектерді және бермдерді кесу және жоспарлау;

3) бөлінген белдеулер бойынша:

су ағысын қамтамасыз ету үшін бөлу жолағын жоспарлау;

бөлу жолағындағы қоқысты жинау, шығару және пайдаға асыруға беру;

шабылған материалдарды тиеу, шығару және пайдаға асыруға беру арқылы жол қозғалысының қауіпсіздігіне ықпал ететін ағаштарды, бұталарды, жабайы өсетін бұталарды шабу және жұлу;

бөлінген белдеулерді шабу және шабылған шөптерді, қамыстарды және қурайларды жинау, тиеу, шығару және пайдаға асыруға беру;

4) күрделі жамылғысы бар жұру бөлігі бойынша:

жұру бөлігін тазалау және жуу;

ылғалдың, ауаның, күн радиациясының кіруінен асфальтбетонды жабындыны тиімді оқшалау үшін жаңартатын сұйықтықты пайдалану, атмосфералық ықпалдың әсерінен бұзылған битумды қалпына келтіру, жамылғының суға төзімділігін сақтау және қалпына келтіру;

жарықшақтарды құю;

шұңқырларды жою, жарықшақтарды, шұңқырларды, отырынқы жерлерді бітеу, жиектерді тегістеу;

жергілікті учаскелердің төсемдеріндегі иірімдерді жою;

төсемдегі шорлар мен қауіпті тегіссіздікті кесу, тозу қабатын кейіннен кедір-бұдыр негізді өндеу арқылы ойыстарды бітеу;

жұру бөлігін белгілеу;

асфальтбетон жамылғыларында жарықшақтарды жөндеу және толтыру;

апатты-қауіпті учаскелерді маршруттық тәсілмен жөндеу (иірімдерді жою, негіз және жабынды жөндеу, шұңқырды жөндеу, жарықтарды бітеу, тегістейтін қабатты қондыру, жиектерді бекіту, жабындарды үстіртін өндеу);

көше жолдарына маршруттық тәсілмен жөндеу жүргізу кезінде жолдарды күтіп ұстау, сондай-ақ маршрут бойынша анықталған қозғалыс үшін қауіпті ақаулықтарды жою жұмыстары, оның ішінде жергілікті учаскелерде жол төсемінің тегістілігін қалпына келтіретін жөндеу жұмыстары кешені, оның ішінде ресайклінг әдісімен жүргізіледі. Жөндеудің маршруттық тәсілі кезінде жөндеу жұмыстары бағдардың барлық ұзындығында аралас, жергілікті учаскелердегі жол төсемінің маңызды ақаулықтары мен бұзылуары шоғырланған жерлерде орындалады.

Жұмыстар тиісті ақаулықтарды жою үшін қабылданған жұмыстар технологиясы және ақаулықтар тізбесі негізінде қолданыстағы ережелерге сәйкес рәсімделген атқару

сметалары бойынша жолдарды күтіп ұстауды жүргізетін жол ұйымдарының құштерімен орындалады.

- 5) жетілдірілген жамылғысы бар жұру бөлігі бойынша:
- тұтқыр материалдары көп учаскелерді күтіп ұстай;
  - жарықшақтарды қую;
  - шұңқырларды жою, жарықшақтарды, шұңқырларды, отырынқы жерлерді бітеу, жол учаскесінің жиектерін тегістеу;
  - жұру бөлігін белгілеу;
  - апатты-қауіпті учаскелерді маршруттық тәсілмен жөндеу (иірімдерді жою, негіз және жабынды жөндеу, шұңқырды жөндеу, жарықтарды бітеу, тегістейтін қабатты қондыру, жиектерді бекіту, жабындарды ұстіртін өндеу);
  - көше жолдарына маршруттық тәсілмен жөндеу жүргізу кезінде жолдарды күтіп ұстай, сондай-ақ бағдар бойынша анықталған қозғалыс үшін қауіпті ақаулықтарды жою жұмыстары, жергілікті учаскелерде жол төсемінің тегістілігін қалпына келтіретін, қамтитын жөндеу жұмыстары кешені, оның ішінде ресайклінг әдісімен жүргізіледі. Жөндеудің маршруттық тәсілі кезінде жөндеу жұмыстары бағдардың барлық ұзындығында аралас, жергілікті учаскелердегі жол төсемінің маңызды ақаулықтары мен бұзылулары шоғырланған жерлерде орындалады.

- 6) өтпелі жамылғысы бар жұру бөлігі бойынша:
- төсемді балшықтан тазалау;
  - төсемді сумен шаңсыздандыру;
  - материалдар қосу арқылы төсемді кескіндеу және нығыздау;
  - төсемдерге тас үгінділері мен иленділерді үю, катундарды жинау;
  - шагылтасты және қырышықтасты төсемдердің қапталдарын қалпына келтіру.
- 7) топырақты және топырақты жақсартылған төсемі бар жұру бөлігі бойынша:
- материалдарды қосу арқылы пайда болған шұңқырлар, сораптар, басқа тегіссіздіктерді жою үшін төсемді кескіндеу;
  - ірі тегіссіздіктер пайда болғанға дейін жүргізілетін тегістеу профилактикалық іс-шаралары;

көше жолдарын хлорлы кальций, битум және басқа материалдармен шаңсыздандыру;

көше жолдарының кепкен учаскелерін күтіп ұстай, уақытша қоршау, ауа науаларын орналастыру және себу, жол төсемі мен жер жамылғысының ұстінен су өтуін қамтамасыз ету;

8) көше жолдарының жағдайы және абаттандыру, қозғалысты ұйымдастыру, байланыс, жарықтандыру объектілері бойынша:

- шу жолақтары, шудан қорғау экрандарын салу және жөндеу;
- жетіспейтін белгілерді, қоршауларды орнату, бұзылуларды түзету, жол белгілері мен қоршаулардың қалқандарын толық ауыстыру, панноларды орнату және жөндеу,

жиектастарды орнату және жөндеу, жолды жайғастыру элементтерін қалпына келтіру; сәулет безендірүлөрі мен абаттандыру элементтерінің жеке бұзылуарын және ақаулықтарын жөндеу;

қоршауларды және сигнал беру бағандарын, белгілерді, қалқандарды үнемі тексеру, бекіткіштерін тарту, қалқандарды түзету, шаң мен балшықтан тазалау, жуу;

автобус аялдамаларын кезеңді тексеру, шаңнан, балшықтан және қоқыстан тазалау, жуу;

қозғалысты ұйымдастыру, байланыс және жарықтандыру құралдарын күтіп ұстай, қуту және жарамдылығын қадағалау;

жүргөн және жиектерді бөтен, жол қозғалысының қауіпсіздігіне қауіп төндіретін заттардан тазалау;

жолдарды, көпірлерді, жол өткізгіштерді, ұнгі жолдарды, көлік айрықтарын паромдық өткелдерді және басқа жол құрылыстарын электрмен жабдықтау желілерін тазалықта және ретке келтіріп ұстай, іsten шыққан шамдарды, шамшырақтарды, сымдарды, кабельдерді, трансформаторларды, жарық тіреулерін және басқа электрмен жабдықтау элементтерін ауыстыру және жаңаларын монтаждау, трансформаторларды техникалық байқау, радио байланысын, технологиялық және сигнал беру байланысының басқа құралдарын, кабель желілерін, сондай-ақ, бағдаршам объектілерін, қозғалысты ұйымдастыру, олардың қызмет етуі үшін байланыс каналдарын жалға алушы қоса алғанда, қозғалысты диспетчерлік және автоматтандырып басқару құралдарын тазалықта және ретке келтіріп ұстай;

автокөлік құралдарының қозғалысын бақылау және мониторинг үшін өлшеу құралдарын, жабдықтарды және бағдарламалық қамтуды қондыру, жөндеу және күтіп ұстай;

көше жолдарын күтіп ұстай және жөндеуді жүзеге асыратын көлік құралдарының қозғалысын бақылауға арналған навигациялық жүйелерді күтіп ұстай, қондыру және пайдалану;

жүргөн "мысық көз" жол маркерін қондыру (қажет болған жағдайда);

қолданыстағы көше жолдарына жол қоршауларын, аялдама павильондарын, сервис павильондарын, кіші сәулеттік пішіндер, тікүшақтарға арналған ұшу-қону аландары, демалыс аландарын және жол қозғалысы қауіпсіздігінің талаптарын ескере отырып, жүргізушилер мен жолаушылардың пайдалануы үшін жайлыштықты қамтамасыз ету мақсатында ауыспалы-жылдамдық жолақтарын салу және қажет болған жағдайда оларды жарықтандыру және электрмен жабдықтау, бұл ретте жұмыс көлемдері техникалық құжаттамамен белгіленеді;

9) жасанды құрылыстар бойынша:

жүргөн жиектас қоршауларына белгі қою;

тапсырыс берушінің нұсқамасы бойынша жол қауіпсіздігін негізге ала отырып, сүйеулер мен тоқауыл қоршауларының бұзылуарын түзету және қондыру;

көпірлердің металл элементтерінің сүйеу қоршауларының бояу қабатын (бояма) жергілікті қалпына келтіру;

жұру бөлігінің жиектас қоршауларына белгі қою;

көше жолдарының үстіндегі жол өткізгіштерінің тіректеріне тік белгілер қою;

көше жолдары үстіндегі жол өткізгіштерінің қасбет арқалықтарының астына тік белгілер қою;

жинау техникасы өткеннен кейін жаяу жүргіншілер жолы бойындағы жұру бөлігін балшық пен бөгде заттардан тазалау;

қар тазалайтын техника өткеннен кейін жаяу жүргіншілер жолы бойындағы жұру бөлігін қар мен мұздан тазалау;

су қайтаратын тұтіктерді балшықтан, тастардан және қардан тазалау;

салындылардан болған деформациялық жіктерінің су қайтаратын науаларын тазалау;

қабаттарды ашық типті деформациялық жіктерге алмастыруға арналған ойықтарды балшықтан тазалау;

ашық типті деформациялық жіктердің күрделі құрылыштарының механизмдерін тазалау және майлау;

жаяу жүргіншілер жолын балшықтан, қардан, қоқыстан және бөгде заттардан тазалау;

суды жіберуге арналған жаяу жүргіншілер жолы блоктарындағы терезелерді тазарту ;

көпірдің жаяу жүргіншілер жолы мен жұру бөлігінің арасындағы тосқауыл қоршауларының қисық сзықты білеуінің астындағы кеңістікті балшықтан, қардан және мұздан тазалау;

үйеніш, тосқауыл қоршауларын, жол белгілерін лас пен қардан тазалау;

арқалықтардың үстін ластан, үйілген топырақтан, өсімдіктерден тазалау;

арқалықтардың тірек тораптарын жуу;

тірек бөліктерін қардан, ластан тазалау;

тірек бөліктерінің жұмыс істейтін үстіне графитті композицияны жағу;

темір тірек бөліктері бекіткіштерінің бұрандамаларын тарту;

тіректердің бастарын және фермалық аландарды қоқыс пен ластан, қар мен мұздан тазалау;

конустар мен еңіс бекіністерін ластан, шөптен және бұталардан тазалау;

тіректерде және мұзкескіштерде мұзды кесу;

сөң жұру және тасқын суларды өткізуі ұйымдастыру;

байқау құралдарын (баспалдақтар, арбашалар) тазалау;

көпір құрылыштарын ағымдағы және кезеңді тексеру;

қоқысты және кесілген материалды пайдаға асыруға тиесу, шығару және беру арқылы көпір аймақтарынан арақашықтығы 15-25 метрдегі, ағыны бойынша жоғары

және төмен бұталы өсімдіктерді жою және ағаштарды шабу, көпір астындағы аймақтарды санитарлық тазалау;

темірбетон құбырларының аралықтарын лай мен балшықтан тазалау;  
шағын көпірлер мен құбырлардың аралықтарын күзде жабу және көктемде ашу;  
құрылыштардың жеке элементтерін (тірек бөліктері, сүйеніштер, тосқауыл қоршаулары, төсеніштер, діңгектер, тіреуіштер, дуал қабырғалары, құрғату құрылғылары және тағы басқа) қондыру, ауыстыру және жөндеу;  
көпірлердің темір элементтерін жергілікті сырлау;  
көпірлердің, жол өткізгіштердің жүру бөлігіндегі төсемін шұнқырлы жөндеу,  
төсемдегі жарықшақтарды бітеу;  
деформациялық жіктерді ұсақ жөндеу;  
деформациялық жіктерді ескі шайырдан алдын ала тазалай отырып, шайыр қую;  
деформациялық жіктердің аймағындағы немесе жіктің үстіндегі төсемді алмастыру  
;

жаяу жүргіншілер жолының асфальтбетон жабынындағы жарықшақтар мен еңістерді бітеу;

үйінділердің шайылған жергілікті жерлерін және реттеу құрылыштарын жою;  
үйінді мен көпірдің жанақсан жерлеріндегі шайылуларды себу, осы жерлердегі суды бір уақытта жою;

тіректердегі шайылу шұнқырларын бітеу;  
10) қысқы күтіп ұстай қосымша жұмыстарына жататындары:  
тайғаққа қарсы материалдарды әзірлеу;  
тайғаққа қарсы материалдарды дайындау;  
көше жолдарын патрульдік қардан тазалау, қарлы борасындардан аршу, көше жолдарының жүру бөлігін қарлы жамылғыдан тазалау, жиектерден, еністерден және резервтерден қарлы дуалдарды жою;

жүру бөлігін фрикционлық, химиялық және басқа да тайғаққа қарсы материалдармен өндедеу және оларды кейіннен жүру бөлігінен қажетті уақыттан кейін тазалау;

автобус аялдамаларын, павильондарды, демалыс алаңдарын және жол қызметі объектілерін қар мен мұздан жүйелі түрде тазалау;

мұз басумен күрес;  
тайғақ жамылғысы бар участкерде қысқа уақыт әрекет ететін жол белгілерін орнату;  
ауыр ауа-райы жағдайларында жол-жөндеу қызметі жұмысшыларының қатарынан және жол техникасын тәулік бойы күзетуді ұйымдастыру.

19. Көше жолдарын көгалдандыру қарлы және құмды борасындардан, мұжілуден қорғау және сәулеттік-көркемдік безендіру үшін орындалады. Көгалдандыру өндірістік базалардағы орман ағаштарын, жасыл өсімдіктерді, көлік айрықтарындағы гүлзарларды, гүл бақшаларын, газондарды күтуді, оларды жасау, қалпына келтіру және сәнді

безендіруді құрайды.

20. Ағаш отырғызуды күтүге мынадай жұмыстар жатады:
- жер қыртысын күту (трактормен қосыту, қатарлардағы жер қыртысын қосыту, арам шөптермен химиялық құрес);
  - көше жолдары бойындағы өсімдіктердегі зиянкестермен және аурулармен құресу; өндірістік базаларда жаңа өсімдіктер отырғызу, қазіргі жасыл өсімдіктерді суару және күту.

21. Ағаш отырғызу, қалпына келтіру және сәнді безендіруге мынадай жұмыстар жатады:

ағаш отырғызуға, питомниктерге жер қыртысын дайындау, сәнді безендіру және көшеттерді өсіру;

орман алқаптарын салу және соның ішінде өндіріс базаларын сәнді безендіру;

орман алқаптарын толықтыру мен отырғызу және сәнді безендіру;

құдықтарды, ұнғымаларды, суаратын су құбырларын және құрғату орларын салу.

22. Айрықтардағы гүлзарларды, гүл бақшаларды, газондарды және сәнді өсімдіктерді күтүге мынадай жұмыстар жатады:

жер қыртысын дайындау;

көшеттерді өсіру;

отырғызу, суару және отау;

арам шөптерді жинау;

кузде біржылдық өсімдіктерді жинау.

23. Өзге жұмыстарға жататындары:

көше жолдарының жай-қүйін және жол жүруді анықтау мақсатында көше жолдарын патрульдеу, ұсақ жұмыстарды орындау (жол белгілерін түзету, жүру бөлігі мен жиектерден жол қозғалысының қауіпсіздігіне қауіп төндіретін бөгде заттарды жинау), жолдарда зардал шеккендерге алғашқы медициналық көмек көрсету;

көше бойы жолақтарында карантиндік өсімдіктермен және зиянкестермен химиялық және механикалық құрес.

### **3. Көше жолдары және ондағы құрылыштарды ағымдағы жөндеу**

24. Көше жолдарын ағымдағы жөндеу - маршруттық тәсілмен орындалатын, бұзылған участкерді жөндеу жөніндегі іс-шараларды қоса алғанда, бүкіл жыл бойы жүргізілетін, көше жолдарында авариялық жағдайлар, ақаулар туындауының алдын алу, сондай-ақ көше жолын шұғыл қалпына келтіру тәртібімен орындалатын жұмыстар кешенін қарастырады.

Қаржыландыру нормативтеріне сәйкес ағымдағы жөндеуге бөлінген қаржы шегінде ақаулықтар тізбесі бойынша көше жолдарын тексеру нәтижелері негізінде жоспарланады.

Жұмыстарды маршруттық тәсілмен орындау кезінде жұмыстарды сметалық есептер негізінде орындауға жол беріледі. Мүмкін болатын ұдеудің және олардың аса маңызды бұзылуарға айналуының алдын алу мақсатында ағымдағы жөндеу шенберінде ақаулықтар мен бұзылуарды жою жұмыстарын толығымен орындамауға жол берілмейді.

25. Көше жолдары мен ондағы құрылыштарды ағымдағы жөндеу кезінде мынадай жұмыстар орындалады:

1) жер төсемі және су қайтарғыш бойынша:

дымқыл және қар борайтын жерлердің жер төсемінің ұзақтығы бойынша участеклерін көтеру және кеңейту, иірім участеклерді жою;

қолданыстағы су бұрғыш жыраларды тазалау, қоқыс тастайтын жерге қоқыстарды тиесу және шығару, жаңа жыраларды қазу, үйінділер мен құыстар жиектерінің бұзылуарын түзету және құламаларын азайту, құрғату, қорғау және бекіту құрылғыларын, су бұрғыш құрылғыларды және көпірлер мен құбырлардың бұру арналарын түзету;

тұрақты шымды жабынды құру бойынша қажетті агротехникалық іс-шараларды жүргізу арқылы жер төсемі мен резервтердің жиектерін шөппен себу, опырылған, мүжілген жерлерді, сең шығарындыларын тазалау;

жиектерді себу, кесу, жоспарлау және бекіту;

2) жасанды құрылыштар бойынша:

жаяу жүргінші жолындағы ақаулы жіктерді алмастыру; үйінділер мен жанақсан шеткі жаяу жүргінші жолындағы тақталарды алмастыру; болаттан жасалған элементтері бар ақаулық жіктердің бөлшектерін ішінара алмастыру;

акаулық жіктердің астындағы су бұрғыш науаларды қалпына келтіру;

су бұрғыш тұтіктерді жөндеу (тұтіктерді өсіру немесе қосымша тұтіктерді салу);

жаяу жүргінші жолына гидроокшаулаудың жанақсан жерлеріндегі төсемнің жіктерін салу және оларды шайырмен қую;

су бұрғыш тұтіктердегі оқшауландуды жөндеу;

жаяу жүргінші жолы блоктарындағы жеке сынықтар мен жарықшақтарды жою;

жаяу жүргінші жолы тақталарының сынған жерлерін жою;

жаяу жүргінші жолына асфальтбетон жабу немесе оқшаулау;

жаңа анкер мен сүйеніштердің тіректеріндегі бекіткіштердің тораптарын алмастыру

;

көпірлерде күрделі емес жөндеу жұмыстарын орындау (төсемелерін, арқалық торларын, жеке тораптарын және элементтерін ауыстыру, қалауын, жер жамылғысымен жана суларды түзету және тағы басқа);

көпірдің жүру бөлігіндегі төсемді қалпына келтіру немесе алмастыру;

гидроокшаулауды жөндеу;

жаяу жүргіншілер жолдарын, сұйеніштерді, жиектастарды жөндеу және алмастыру; жарықшақтарды беттік герметизациялау, күйстарды, сынықтарды бітеу, көпірдің темірбетон элементтерінің қорғау қабатын қалпына келтіру;

тіреуіштер мен реттеу құрылыштарының шұңқырларын жою; тойтармаларды аса төзімді бұрандамаларға алмастыру; қаптау жіктерін сөгу, жарықшақтарға ерітінділерді егу; құрылғылардағы жарықшақтарды бітеу, сылақтарды жөндеу, тойтармаларды ішінара алмастыру;

жыралар арқылы өтпелі және көшпелі көпірлерді ауыстыру және түзету; аспалы көпірлердің, паромдық өтпелердің және айлак құрылғыларының бүлінген жерлерін түзету (тығындау, қаптаманы жөндеу, такелажды түзету және тағы сол сияқты);

ашпаларға қарай өтпелі тақталардың тораптарын герметизациялау; деформациялық жіктердің ағуын бұрандамаларды тарту арқылы жою; сырғанау тақталарының деформациялық жіктерін дәнекерлеу (олар жұлдынып қалған жағдайда), жетіспейтін серіппелерді орнату;

деформациялық жіктердің механизмдері мен құрылғыларын ұсақ жөндеу; тығындауы бар құбырлардың гидроокшаулануын жөндеу және олардың буындары мен бөліктері арасындағы жіктерді бітеу;

жеке тойтармаларды алмастыру, темір аралық құрылыштар элементтерінің ұсақ ақаулықтарын түзету;

3) қозғалыс, байланыс, жарықтандыруды ұйымдастыру объектілеріне көше жолдарын салу және жайластыру бойынша:

көше жолдары участеклеріндегі жаяу жүргіншілер жолдарын, оның ішінде жол үстіндегі өтпелерін жөндеу және жаңаларын салу;

шығу және кіру жолдарын, жазғы және трактор жолдарын жөндеу; сигнализацияны, жол қозғалысын ұйымдастыру объектілерін (бағдаршамдар, электронды және жол белгілері, ақпараттық таблолар), байланыс және жарықтандыру құралдарын жөндеу.

26. Қауіпті ақаулықтарды және елеулі деформацияларды және жергілікті участеклердегі жол төсемінің бұзылуларын жою кезінде негіздің қабаты үшін алынған материалды кейіннен пайдалану және төсемнің жаңа қабатын салу арқылы қауіпті деформациялар мен тегіссіздіктерді жою мақсатында төсемнің ені бойынша жергілікті жерлерге қайлау жасалады.

#### **4. Көше жолдары және ондағы құрылыштарды орташа жөндеу**

27. Орташа жөндеу көше жолдары мен ондағы құрылыштардың алғашқы пайдалану сапасын қалпына келтірумен байланысты жұмыстарды кезеңді орындауды көздейді.

28. Орташа жөндеу кезінде көше жолдары жамылғысының тозған қабатын және тегістілігін кезеңді қалпына келтіру, сондай-ақ жер төсемінің, су бұрғыштардың, жасанды, қорғау, бекіту, реттеу және басқа жол құрылыштарының бұзылуарын түзету жүргізіледі.

29. Көше жолдары мен ондағы құрылыштарды орташа жөндеу кезінде мына жұмыстар орындалады:

1) жер төсемі және су бұрғыш бойынша:

дымқыл және қар борайтын жерлердің жер төсемінің ұзақтығы бойынша участеклерін көтеру және кеңейту, иірім участеклерді жою;

қолданыстағы су бұрғыш жыраларды тазалау, қоқыс тастайтын жерге қоқыстарды тиесу және шығару, жаңа жыраларды қазу, үйінділер мен қуыстар жиектерінің бұзылуарын түзету және құламаларын азайту, құрғату, қорғау және бекіту құрылғыларын, су бұрғыш құрылғыларды және көпірлер мен құбырлардың бұру арналарын түзету;

жиектерді себу, кесу, жоспарлау және бекіту;

2) жол жамылғылары бойынша:

жетілдірілген қоспаларды қолданумен үстіңгі қабатты өндеу;

жетілдірілген төсемнің тозған жоғарғы қабаттарын қалпына келтіру және қолданыстағы жол жамылғысын бөлшектеу және қажетті жағдайда қабатты тегістейтін және үстіңгі қабатқа немесе жөнделетін участекнің барлық ұзындығына тозу қабатына өндеу жүргізу арқылы жеке және иірімді участеклерде жол жамылғысын салу;

асфальтбетон қоспасының қажетті мөлшерін қосу арқылы шорлары, сораптары, жоталары және басқа да өзгерістері мен ақаулары бар жетілдірілген төсемді қалпына келтіру;

жаңа материалдардың қажетті мөлшерін қосу арқылы және көше жолдары жабындарының негізін салу үшін алынған материалдарды, кейіннен оның үстіне асфальтбетон қабатын немесе тозу қабатын төсеу арқылы шорлары, сораптары, жоталары және басқа да деформациялары мен ақаулары бар жетілдірілген төсемді қайлау және қалпына келтіру;

жаңа материалдарды және жұмыс өндірісінің технологияларын қолдану арқылы тәжірибелік участеклерді салу және оларға мониторинг жүргізу;

3) жиналмалы темірбетон төсемдері бойынша:

тозған тақталарды алмастыру, темірбетон төсемдерінің жеке тақталарын көтеру немесе тегістеу;

қорғау қабатын салу, үлкен ұзақтықтағы темірбетон тақталарының және цемент-бетон төсемдерінің жапсарларын жөндеу, жеке участеклерде асфальтбетон қабатын салу;

шағылтасты және қырышықтасты төсемдердің қапталдарын, сондай-ақ топырақты жолдарды материалдар қолдану арқылы қалпына келтіру;

қиыршықтасты және топырақты жолдардың жүру бөлігін тұтқыр және шаңсыздандыратын материалдармен жақсарту;

вираждарды салу және қозғалыс үшін қауіпті қисықтарда көрінуді қамтамасыз ету; жөнделетін участеклердің жүру бөлігін белгілеу;

4) жасанды құрылыштар бойынша:

деформациялық жіктердің астындағы су бұрғыш науаны қалпына келтіру; су бұрғыш тұтіктерді жөндеу (тұтіктерді өсіру немесе қосымша тұтіктерді салу); жаяу жүргінші жолына гидроқашаудың жанасқан жерлеріндегі төсемнің жіктерін салу және оларды шайырмен құю;

су бұрғыш тұтіктердегі оқшауланды жөндеу;

10 сантиметрден асатын отыру кезінде үйінділердің көпірмен жанасқан тораптарын жөндеу (шағылтасты себу арқылы қосымша төсемнің есебінен тегістеу);

үйінділермен жанасқан шеткі жаяу жүргінші жолындағы тақталарды алмастыру, жол жамылғысын қалпына келтіру арқылы ауыспалы тақталардың жеке ығысуын жою; ауыспалы тақталардың астына топырақты оның жуылу кезінде тақталарды ашу кезінде себу;

болаттан жасалған элементтері бар деформациялық жіктердің бөлшектерін жекелеп алмастыру;

жұмыстар жол жамылғысы деңгейінде орындалған кезде шайырлы және резенке толтыратындары бар жабық типті ақаулық жіктерді алмастыру;

жаяу жүргіншілер жолының ақаулық жіктерін алмастыру;

жаяу жүргіншілер жолының төсемдерін тегістеу, жана төсемді салу;

жаяу жүргіншілер жолының блоктарындағы жалпақ саңылаулардың шұңқырларын бітеу, аяқ жолдардың алдын қорғау төсемімен өндеу;

жаяу жүргіншілер жолының блоктарындағы жекелеген сынықтар мен жарықшактарды жою;

жаяу жүргіншілер жолының блоктарындағы жапсарларды басу және оқшаулау;

жаяу жүргіншілер жолын қалпына келтіру, жекелеген бұзылған блоктарды күшайту немесе алмастыру;

жаяу жүргіншілер жолы тақталарының сынған жерлерін жою;

оқшаулықты салу немесе жаяу жүргіншілер жолына асфальтбетон төсеу;

жеке секцияларды жөндеу, сүйеніштердің жекелеген тіректерінің анкерлерін күшайту;

барлық ұзындығында немесе көпір құрылышы ұзындығының бөлігінде сүйеніштерді алмастыру;

барлық ұзындығында сүйеніштерді сырлау;

жана анкерлері бар сүйеніштердің тіректеріндегі бекіткіштердің тораптарын алмастыру;

бетон құрылымының барлық үстіңгі бетін (тақталар, арқалықтар, аркалар және

басқа элементтер) гидрофобтау немесе сырлау;

диафрагмалардың жапсарларын жөндеу;

көпірлер мен жол өткізгіштерді жартылай қайта жасау немесе жөндеу, сондай-ақ техникалық құжаттамамен бекітілген жөнделетін жол үшін белгіленген техникалық санатқа сәйкес келетін нормаларға габариттері мен есептік салмақтарын жеткізу арқылы су өткізгіш құбырларды толық немесе ішінара қайта құру;

көпірлерде жеңіл жөндеу жұмыстарын орындау (төсемелерін, арқалық торларын, жеке тораптарын және элементтерін ауыстыру, жер жамылғысымен жанасуын, қалауын түзету және тағы басқа);

алдын ала-кернеулі темірбетон және темір аралық құрылыштардың құрылыш көтермесін бақылау;

көпірдің жүру бөлігіндегі төсемді қалпына келтіру немесе алмастыру;

жаяу жүргінші жолының блоктарындағы саңлауларды басу, жаяу жүргіншілер жолына төсемдер салу;

коршауларды жөндеу немесе қайта жаңарту;

материалдар мен құрылымдарды алмастыру арқылы деформациялық жіктерді жөндеу;

гидрооқшаулауды жөндеу;

жаяу жүргіншілер жолдарын, сүйеніштерді, жиектастарды жөндеу және алмастыру;

көпірдің жүру бөлігіндегі судың бұрылуын жақсарту, су бұрғыш тұтіктер мен терезелерді алмастыру;

темірбетон құрылымдарының алдыңғы бетін гидрооқшаулау, басты арқалықтардың бетін сырлау;

жарықшақтарды беттік герметизациялау, қуыстарды, сынықтарды бітеу, көпірдің темірбетон элементтерінің корғау қабатын қалпына келтіру;

құрылыштардың темір аралықтарын тегіс сырлау;

арқалықтардың бір-бірімен байланысуын қалпына келтіру;

құрғатқыш пен су бұрғышты, көпірдің үйіндімен жанасқан жерін өтпелі тақталарды алмастыру арқылы жөндеу;

жер төсемі және реттеу құрылыштары жиектерінің бекіткіштерін жөндеу;

тіреуіштер мен реттеу құрылыштарының маңындағы шұнқырларды жою;

құрылыштардағы темір аралықтардың жеке элементтерін қүшету, көпірлерде торлардың элементтерін түзету;

тойтармаларды аса төзімді бұрандамалармен алмастыру;

тірек бөліктерінің жобалық қалпын жөндеу және қалпына келтіру;

тіреу аландарындағы ағындыларды жөндеу және қалпына келтіру;

қаптау жіктерін сөгу, жарықшақтарға ерітінділерді егу;

аралық құрылыштар мен тіректердің көру құрылғыларын жөндеу және қалпына келтіру;

тіректердің денесін жөндеу;

темірбетон аралық құрылыштардың шығып тұрған жерлеріндегі тірек бөліктерін күшейту;

құбырлардың жекелеген буындары мен бастарын алмастыру немесе жөндеу, оқшаулану мен жапсарларын түзету;

сүйеу қабырғаларын, бекіту және реттеу құрылыштарын жөндеу, галереялар мен бастырмаларды, сондай-ақ, олардың жеке элементтерін алмастыру;

5) қозғалысты ұйымдастыру, байланыс, жарықтандыру объектілеріне көше жолдарын салу мен жайластыру бойынша:

елді мекендер арқылы өтетін көше жол участекеріндегі қолданыстағы жаяу жүргіншілер жолын жөндеу және жаңасын салу;

жана жеке қоршауларды салу, жөнделетін участекерде жана жол белгілерін және сілтеме құрылыштарын орнату және ауыстыру (қалпына келтіру), жеке айрықтарды, демалыс алаңдарын, автокөлік тұрақтарын, көрнекті орындарды сәулеттік безендіру және абаттандыруды қоса алғанда, қоршауларды жөндеу;

шығу және өткел жолдарын, жазғы және трактор жолдарын жөндеу;

сигнализацияны, жол қозғалысын ұйымдастыру (бағдаршамдар, электронды және жол белгілері, ақпараттық таблолар), байланыс құралдары және жарықтандыру объектілерін жөндеу және салу;

көше жолдары ақпараттық жүйелерін және кешендерін, жеке жобалау белгілері мен таблоларын, жол қозғалысын диспетчерлік және автоматтық басқару элементтері мен жүйелерін; ауыспалы ақпараты бар автономды және қашықтан басқарылатын белгілер мен таблоларды, бағдаршам объектілерін қалпына келтіру;

көше жолдарының (автопавильондар, тіреу қабырғалары, ақпараттық панно және басқа құрылыштар) салу элементтерін жөндеу.

6) көше жолдарын пайдалану жай-күйін және көлік құралдары қозғалысының қауіпсіздігін қалпына келтіруді қамтамасыз ететін жұмыстардың басқа түрлері.

## 5. Көше жолдары және ондағы құрылыштарды күрделі жөндеу

30. Көше жолдарын күрделі жөндеу көше жолдарының және ондағы құрылыштардың көліктік-пайдалану жай-күйін жогарылату, атап айтқанда, қолданыстағы көше жолдарының техникалық санатын өзгертусіз жол жамылғысы мен ондағы құрылыштардың мықтылығын ұлғайтумен байланысты кезендік жұмыстардың орындалуын көздейді.

31. Күрделі жөндеуге жататын көше жолдары участекері қызметтің жөндеу аралық мерзімінің негізінде және жол диагностикасының нәтижесінде белгіленеді.

32. Күрделі жөндеу кезінде жекелеген көше жолдарын жоспарда қалай болса, солай қапталды бойында жөнделіп жатқан жол участекесінің жалпы ұзындығының ұзақтығы 25

пайызға дейін тіктетуге рұқсат беріледі.

33. Жол пайдалану қызметінің көпірлері мен жол өтпелерін, сондай-ақ ғимараттар мен құрылыстар кешенін қызметтің жөндеу аралық мерзімінің және олардың диагностикалау нәтижелері негізінде күрделі жөндеуге бағытталуына болады.

Күрделі жөндеу кезінде мынадай жұмыстар орындалады:

1) жер төсемі және субұрғыш бойынша:

жер төсемін жөндөлетін көше жолы (кеңейту, көтеру, топырақты ауыстыру, көрінуді қамтамасыз ету, дөңгелету радиусын ұлғайту, бойлық еністерін жұмсарту, тік иіндерін және жалтарыстарын құру) үшін белгіленген техникалық санатқа сәйкес нормаларға дейінгі оның геометриялық параметрлеріне жеткізумен түзету, жекелеген көше жолы участекелерін тіктету;

жер төсемінің тұрақтылығын қамтамасыз ететін шоқталған, шөккінделген және опырылған участекелерді жою, кәріздерді, оқшаулайтын қабатшаларды құру және басқа жұмыстар;

қолданыстағыларды қалпына келтіру және қайта құру, сондай-ақ жаңа қажетті субұрғыш жабдықтарды, жағалық қорғау және эрозияға қарсы құрылыстарды салу;

көше жолдарындағы қылыштар мен жанасуларда жер төсемі мен субұрғыш жүйесін құру, сондай-ақ аялдамалар, тұрақтар, аялдау павильондары мен тоқталу аландары үшін аландарды жайластыру бойынша жұмыстарды орындау;

көше жолдарын күрделі жөндеу бойынша жұмыстар аймағында орналасқан жойылатын көше жолы участекелерін, жол бойындағы резервтерді қалпына келтіру;

су тасқыны, сел, нөсерлік және басқа табиғат апаттарының салдарын жою;

2) жол жамылғысы бойынша:

жол жамылғысын бір жолақты қозғалыстан арттырмай нығайту (қалыннату), кеңейту мен регенерациялық және қолданыстағы жол жамылғыларын негіз ретінде қолдану арқылы ең жетілдірілген жол жамылғысы түрлерін жабдықтау, сондай-ақ қайта құрылып жатқан (тіктелетін) көше жолдары участекелерінде және елді мекендердің айналма және оларға кіреберісте жаңадан жол жамылғысын құру, көліктік айырығы, инженерлік құрылғыларда, жаяу жүргіншілер және велосипед жолдарында, автобус аялдамаларында және аялдау аландарында, сондай-ақ олардың өту-жылдамдық жолағында жол жамылғысын жабдықтау;

шағылтас пен қырышық тас жамылғысын, сондай-ақ топырақ жолды жаңа материалдарды қосу арқылы түзету, байланыстыратын материалдармен өту бөлігін жақсарту;

жасанды және табиғи материалдардан жасалған тозған жиектастарды және жетілдірілген жамылғылар жиектеріндегі бекіту жолақтарын, соның ішінде негізгі жол жамылғысының түрі бойынша ауыстыру және жаңамен жабдықтау;

жол жамылғыларының жаңа құрылымын, жұмыс өндірісінің технологияларын және жаңа материалдарды қолдану арқылы тәжірибелік участекелерді салу және оларға

мониторинг жүргізу.

3) жасанды құрылыштар бойынша:

темір көпірінің басты аралықтары мен фермасын дұрыстау және нығайту;  
темір аралықтары құрылымын ауыстыру;  
көпірдің өтетін бөлігін ауыстыру;  
су өткізу құбырын салу және қайта салу;  
құбырлардың буыны мен ауызғы бетін ауыстыру және нығайту;  
құбырлардың зақымдалған сақиналарын ауыстыру;  
жана сақина мен ауызғы беті есебінен құбырдың ұзындығын өсіру;  
қалқымалы көпірлерді, паром өткелдерін, темір жол өткізулерін тұракты көпірлер  
мен жол өтпелерімен ауыстыру;  
тіреуіш қабырғаларды, қорғаушы нығайтатын және реттейтін құрылыштарды құру  
және қалпына келтіру;  
қайта салынған және жаңадан салынған көпірлерді сынау;

4) көше жолдары қозғалысын, байланысын және жарықтандыруды ұйымдастыру  
объектілері бойынша көше жолдарын жайластыру мен орналастыру:  
көше жолдарының немесе олардың жекелеген участкерлерін сәулеттік безендіру және  
орналастыру;  
аялдамалық аландарды жайластыру;  
өткізу қабілетін ұлғайту мақсатында көше жолдарында жолақтарды кеңейтуді қоса  
өткізу пунктін жабдықтау және орналастыру;  
коршаған ортаны қорғау (қазандықта тозаң жүту құрылғысын орнату, су көздерін  
ластанудан қорғау және басқа жұмыстар) бойынша шараларды жүргізу.